

Зертханалар бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 136 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 3 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3610. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 10) тармақшасына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған "Химиялық, токсикологиялық, радиологиялық зерттеулер жүргізетін зертханалардағы жұмыс реті мен жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б.С) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногова жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2005 жылғы 24 наурыздағы
N 136 бұйрығымен бекітілген

"Химиялық, токсикологиялық, радиологиялық тексерістерді орындайтын зертханаларды күтіп-ұстауға, жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар

1. Жалпы ережелер

1. "Химиялық, токсикологиялық, радиологиялық тексерістерді орындайтын зертханаларды күтіп-ұстауға, жұмыс жағдайына қойылатын талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) химиялық, токсикологиялық, радиологиялық тексерістер жүргізетін зертханалардың құрылысын жобалап, қайта жаңарту жұмысымен шұғылданатын жеке және заңды тұлғаларға таралады.

2. Заңды және жеке тұлғалар мынандай талаптардың орындауын қамтамасыз ет у і к е р е к :

1) үй-жайлардағы және жұмыс орындарындағы коммуникация жүйесінің (электр торабы, газ құбыры, су құбыры, канализация, желдету жүйелері) қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өртке қарсы қондырғыларды, құрал-жабдықтарды және қорғаныс құралдарын жұмыс істейтін жағдайда сақтау керек;

2) зертханада жұмыс істеу кезінде техникалық қауіпсіздікті сақтаудың бірінші және қайталана өткізетін нұсқауымен танысып, оның орындалуына бақылау жасап, осы ереженің қосымшасында көрсетілген арнайы журналға нұсқаудан өтуді тіркеп отыру керек;

3) денсаулыққа қауіпті химиялық заттарды қолданыстағы нормативті құқықтық актілердің (бұдан әрі - НҚА) талаптарына сай сақтап, есебін жүргізу к е р е к ;

4) зертханаларда ауа ортасына бақылау жасауды қамтамасыз етіп, зиянды булар мен газдардың қанықпасы шектеулі шектен аспауы керек.

3. Осы ережелерде мынандай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

1) өртке қауіпті заттар - 61 ° Целсия (бұдан әрі - С) дейін температурада жанудың сыртқы көздерінен оңай тұтанатын және жанғыш сұйықтар;

2) улы және қатты әсер ететін заттар - адам ағзасына аз мөлшерде және қанықпа түрінде түскенде патологиялық өзгерістер туғызатын химиялық қ о с ы н д ы л а р ;

3) демеркуризация - сынапты төгіп алған жағдайда оны жинау үшін жүргізілетін шаралар жиынтығы;

4) уландыру - уыттылық параметрін анықтау үшін организмге әр түрлі жолдармен (дем алу жолдары қарынға енгізу арқылы және бүлінбеген тері

арқылы) химиялық заттарды енгізу арқылы зертханалық жануарларға тәжірибе жұмыстарын жүргізу.

2. Зертханалардың үй-жайларына, құрал-жабдықтарына және орналастыруына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

4. Зертханалық үй-жайлардың жиынтығы, ғимараты және олардың көлемі сәйкес құрылыстық нормалар мен ережелердің (бұдан әрі - ҚНЖЕ) талаптарына сай болуы керек.

5. Зертханалар жеке ғимараттарда немесе жеке қабатта орналасуы керек. Зертханаларды қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарында орналастыруға болмайды.

6. Зертханалар екі қабатты үйде орналасқан жағдайда жуу және өлшеу бөлмелері әр қабатта болуы керек.

7. Виварий болған жағдайда, виваримен тұрғын немесе қоғамдық ғимараттардың ара қашықтығы 50 метр (бұдан әрі - м) кем болмауы керек.

8. Зертханалардың қолданылып жүрген ҚНЖЕ-нің талаптарына сай су құбыры, канализация жүйесімен, электр қуатымен қамтамасыз ететін, орталықтандырылған жылыту және ыстық су жүйелері болуы керек.

9. Зертхананың жұмысшы үй-жайлары жалпы сорып-шығаратын желдеткіштен басқа, қолданыстағы ҚНЖЕ талаптарына сай шкафтардан ауаны сорып-шығаратын желдету қондырғыларымен жабдықталуы керек.

10. Ауаның температурасы +18-ден +21 °C болуы керек.

11. Зертханалық үй-жайдағы ауаның айырбасталуы мынандай есеппен жүргізілуі керек: жарылғыш және улы газдардың, улардың және шаң-тозаңның қанықпасы жұмысшы үй-жайдың ауасында шектеулі шектен аспайтындай болуы керек.

12. Зертханалық үй-жайдың табиғи және жасанды жарық көздері болуы керек. Бокстағы терезенің жақтаулары ауа жібермейтіндей тығыздала жабылуы керек.

13. Үй-жайдың қабырғалары тегіс болып, жуғыш - зарарсыздандырғыш дәрмектердің әсерінен зақымдалмауы керек. Зертхананың едені Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген тайғанақ болмай, су өткізбейтін, қышқылдардың әсеріне берік тақтайшалармен немесе басқадай материалдармен жабылуы керек.

14. Зертханалық жиһаз ылғал мен зарарсыздандырғыш дәрмектердің әсеріне берік болуы керек.

15. Отпен және өртену мен жарылу қауіпі бар заттармен жұмыс істеуге арналған жұмысшы үстелдердің беттері жанбайтын материалдармен, ал қышқыл

және сілтілермен жұмыс істегенде олар тотықпайтын материалдармен қапталып, олардың ернеулері болуы керек.

16. Улы заттармен істелетін жұмыстар оңаша үй-жайларда (бөлмелерде) жүргізілуі керек.

17. Жану және жарылу қаупі бар заттармен байланысты жұмыстар жүргізілетін зертханалардың жұмысшы үй-жайлары екі шығатын есік болуы керек.

18. Зиянды және жанғыш бу және газ бөлумен жүретін жұмыстар жүргізілетін сорғыш шкафтардың жоғарғы және төменгі сорғылармен (сорғыны қосу булардың тығыздығына қарай реттеледі), сондай-ақ сұйықтың еденге төгілуіне бөгет болатын ернеулермен жабдықталуы керек.

19. Сорғыш құралдарды пайдаланғанда мөлшері 15-20 см өзек арқылы ашылған шкаф есігінен ауаны сору жылдамдығы 0,5-тен 0,7 метр секунд (бұдан әрі - м/сек) болатындай етіп есептеу керек. Аса қауіпті зиянды заттармен жұмыс істегенде (қауіптілігі 1 және 2 сыныптағылар) ауаны сорылуы жылдамдығын 1 м/сек. дейін көбейту керек.

20. Сорғыш шкафтардың есіктерін жұмыс уақытында жабық (түсірілген) күйде ұстап, ауаны жақсы сору үшін астынан аздаған тесік қалдырып қою керек: оларды тек құралдар мен қондырғыларды жұмыс істеп тұрғанда ғана ашуға болады. Сорғының есіктерін көтергенде, олардың кездейсоқ жағдайда құлап қалмауы үшін тіректермен мықтап ұстату керек.

21. Әрбір зертханаларда мыналар болуы керек:

- 1) зертхананың төлқұжаты;
- 2) өрт сөндіруге арналған құралдар;
- 3) қызметкерлерге арналған жеке және ұжымдық сақтану құралдары (газтұтқыш, сақтандырғыш көзілдіріктер, бет перделер, улы газдан қорғайтын және газды жоятын, зарарсыздандырғыш заттар) болуы керек.

3. Зертханалардағы жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

22. Зертханалық жұмысшы үй-жайларда мыналардың орындалуына жол беруге болмайды:

1) жұмыскердің жеке киімін сақтауға (жеке бастың киімін сақтау үшін қызметкерлерге арналған бөлме немесе оқшауланған үй-жайлар қарастырылуы керек) ;

2) дәліздерді, сондай-ақ өрт сөндіретін заттарға, газ бен суды жабатын крандарға, электр қалқаны бар шкафтарға барар жолда бөгейтін заттар болмауы керек ;

3) едендер мен үстелдердің бетін керосин, бензинмен және басқа да органикалық еріткіштермен жууға;

4) қандай да болмасын заттарды жылыту құралдарында кептіруге;

5) жанарғылар жанып тұрғанда және электр жылыту құралдары қосылып тұрғанда кездейсоқ төгілген өртенгіш сұйықтарды жинауға (өртенгіш сұйықтар төгілген жағдайда тез арада жанарғылар мен көрсетілген құралдарды сөндіру керек) ;

6) жұмыс орындарында майланған шүберектер мен қағаздарды қалдыруға;

7) майланған шүберектерді қақпағы тығыз жабылатын темір жәшіктерде жинау керек ;

8) тамақты сақтап, оларды қабылдауға, темекі тартуға болмайды;

9) зертхана жұмысына қатысы жоқ жұмыстарды орындауға.

23. Зертханалардағы химиялық үй-жайларда қызметкерлер арнайы киім (халат, пижама, комбинезон) киіп жүрулері керек.

24. Жұмысшы орында таза етіп ұстау керек, онда ыдыстарды және басқа да заттарды қоюға болмайды .

25. Жалпылай пайдалануға арналған құралдар мен жабдықтарды (таرازы, микроскоптар, балқыту, қайнату және төменгі қысымда сүзу температурасын анықтауға арналған құралдарды, айдауға арналған қондырғыларды) оңаша үй - ж а й л а р д ы о р н а т а д ы .

26. Қауіпті заттармен (оңай тұтанатын және улы) байланысты жұмыстарды орындағанда, сонымен бірге кешкі (түнгі) ауысымда жұмысшы үй-жайда кем дегенде 2 адам болуы керек, оның бірі жауапты адам болып тағайындалуы керек.

27. Өртену және жарылу қаупі бар, улы және қатты әсер ететін заттар зертхананың жұмысшы үй-жайларында бір жұмыс күніне жететін мөлшерде ғана сақталуы керек .

28. "А" және "Б" тізіміндегі медициналық дәрі-дәрмектер 1-2 апталық қажеттіліктен аспайтындай мөлшерде ғана алынып сақталады және жұмыс істеу үшін бір тәулік қажеттілік мөлшерінде ғана беріледі. Жұмыс күні бойында пайдаланылмаған дәрі-дәрмектер оларды берген жұмыскерге қайтарылады.

29. Электр қондырғыларын және электр жабдықтарын зертханаларда іске қосу жұмыстарына арнайы білім алған және біліктілігі туралы куәлігі бар

30. Барлық қажетті ауыстырып-қосуды тек өшірілген кернеуде ғана шығару қажет.

31. Өрт болған жағдайда кернеуді өшіріп және өрт сөндіргіш ұнтағымен, құммен немесе талшықтаспен өртті сөндіруге кірісу қажет.

32. Электржабдықтарымен және электркұралдарымен жұмыс істеу барысында рұқсат етілмейді:

1) ақауы бар электржабдықтарымен (шаппа қосқыш, іске қосқыш, розеткалар, қозғалтқыш және басқалар) жұмыс істеуге;

2) жерге қосылмаған электржабдықтары және электркұралдарымен жұмыс істеуге;

3) токтың бар екендігін саусақпен тексеру және электр сымбасының ток жүретін бөлігін ұстауға;

4) токқа қосылған құралдардың орнын ауыстыруға;

5) күйіп кеткен сақтандырғышты қолдан жасаған сақтандырғышпен ауыстыруға;

6) штепселді розеткаларға, ажыратқыштарға және электр тартылымына әртүрлі заттарды ілуге;

7) кезекті тексерістен өткізілмеген және ол туралы мәліметтер төлқұжатында жазылмаған электржабдықтарымен жұмыс істеуге;

8) қорғаныс құралдарынсыз жұмыс істеуге.

33. Жұмыста қолданылатын профилактикалық тексеріс және электр құрал-жабдықтарын жөндеу барысында, өзінің мамандығына сай маман болуы керек.

34. Жұмыс күні аяқталғаннан кейін жауапты қызметкер жалпы газ кранын жауып, электр көзін шаппа қосқыштан (егер жұмыс істеп тұрған аппараттар қалдырылмаса) айырып, зертхана үй-жайларынан жанғыш және оңай тұтанатын заттарды, пайдаланылған сұйықтарды (төкпелерді), қалдықтар мен майланған шүберектердің шығарылғандығын, реактивтер мен басқа да химиялық заттар салынған барлық ыдыстардың тығындалып жабылғандығын және тиісті орындарға қойылғандығын тексеруі керек.

35. Зертханаларда кезең сайын жаңарып отыратын, "Химиялық ыдыс" деген анық жазуы бар арнайы химиялық (зақымдалмаған) ыдыс қолданылуы керек.

36. Шыны материалдар мен ыдыстан тұратын құралдарды жинауға байланысты жұмыстардың барлық түрлерін жүргізгенде мына ережелерді сақтау керек:

- 1) диаметрі кіші шыны түтікшелерді тек шыны кесуге арналған арнайы пышақпен (арамен) кескеннен кейін сындыру керек;
- 2) шыны түтікшелердің ұштарын жіңішкелеу жұмыстарын жеңілдету үшін, оны балқытып алып, суға немесе глицеринге батыру керек;
- 3) тығыны тесілген шыны түтікшелерді жалғағанда тығынды бүйірінен ұстап, екінші қолмен ұстап тұрған түтікшеге кигізу керек;
- 4) кейбір бөлшектердің жылтыратылған гильзаларын жинардың алдында вазелинмен немесе арнайы маймен майлау керек;
- 5) барлық құралдарды орнықты тұратындай етіп жинау керек;
- 6) айдауға және қайнатуға арналған барлық құралдардың ішкі көлемі атмосфералық ауамен жанасатындай болуы керек.

37. Шыны ыдыстармен жұмыс істегенде жарақат (терінің кесілуі орын алса) алынатын болса, шынының жарықшақтарын жарадан алып тастап, оған түскен затты сұйық сіңіретін мақта арқылы бейтараптандырып немесе сумен түскен заттарды алып тастау керек; жараны құрғақ мақта арқылы құрғатып, жараның жан-жағына йод жағып, стерильді дәкемен орап тастау керек.

38. Жабдықтармен жұмыс істегенде мына ережелерді сақтау керек:

- 1) жиналған құралды алдын ала тексеріп алмай, пайдалануға және жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдыруға болмайды;
- 2) 150 ° C-ден жоғары қайнау температурасында заттарды айдағанда ауа арқылы салқындататын мұздатқышты қолданған жөн;
- 3) су арқылы салқындайтын мұздатқыштармен жұмыс істегенде су ағынының үздіксіз ағуын тұрақты түрде бақылау керек;
- 4) реакциялық қоспаны қайнағанға дейін қыздырғанда түбі дөңгелек, қабырғасы жұқа құтыны пайдалану керек;
- 5) сұйықтарды айдау үшін арнайы түбі дөңгелек құтыны пайдалану керек (Вюрц, Кляйзен құтылары, екі немесе үш мойынды құтылар);
- 6) түбі жалпақ құтыларды вакуум арқылы істелетін жұмыстарға, сондай-ақ 100 ° C-ден жоғары температурада жұмыс істегенде қолдануға болмайды;
- 7) вакуум арқылы сору үшін, қалың шыныдан жасалған Бунзен құтысын

п а й д а л а н у

к е р е к ;

8) сұйықты сынауықта немесе құтыда қыздырғанда ыдысты арнайы ұстағышпен, ыдыстың аузы жұмыс істеушінің алдына қарайтындай етіп ұстау к е р е к ;

9) ішінде ыстық сұйығы бар ыдыстарды қозғағанда, екі қолмен (бір қолмен ыдыстың түбін, екінші қолмен оның мойнын) ұстау керек;

10) қабырғасы жұқа ыдыстың аузын тығындағанда ыдыстың тығынға жақын мойнының жоғарғы жағынан ұстау керек; қыздырылған ыдыстың аузын тығыздайтын тығынмен ол салқындағанша тығындауға болмайды;

11) сұйықтарды бір-біріне құйғанда сұйық құйылатын қабылдағыш ыдыстың жоғарғы жағындағы штативтің шеңберіне қойылатын құйғыны қолдану керек;

12) қайнау температурасы 20°C -ден төмен болмайтын газ тәрізді заттарды шыны ампулаларда конденсацияланғанда, оларды дәнекерлеу керек. Қыздыру кезінде жарылу арқылы ыдырайтын заттардың ампулаларын дәнекерлеуге болмайды. Ампуланы оның көлемінің 50% дейін ғана толтыру керек;

13) ампулаларды дәнекерлеудің алдында, оларды оның ішіне салынған заттың қайнау температурасынан төмен температураға дейін салқындатып алу к е р е к ;

14) ішінде конденсацияланған газ тәрізді заттары бар дәнекерленген ампулалардың қыздырылған жерлерін бөлме температурасына дейін салқындатқаннан кейін, салқындатқыш қоспадан шығарып алып, тез арада металдан жасалған цилиндрге салу керек;

15) ампуланы ашқанға дейінгі барлық қимылдарды қорғаныс қабықшасынан шығармай және қорғаныс көзілдірігін пайдалана отырып сорғыш шкафта жасау к е р е к .

39. Химиялық ыдыс құрғақ және таза түрде болуы керек.

40. Ыдыстардағы суда ерімейтін органикалық заттарды кетіру үшін органикалық еріткіштерді пайдалану керек.

41. Ыдыстарды химиялық әдістер арқылы тазалау үшін мыналар пайдаланылады: хром қоспасы, күкірт қышқылы және сілті ерітінділері. Ыдыстарды мұқият тазалап, жуғаннан кейін оларды кептіргіш шкафтарда кептіру к е р е к .

42. Әсіресе, вакуумдерде орналасқан ыдыстармен жұмыс атқарған кезде абай болу керек. Түрі шар тәрізді болмайтын қабырғасы жұқа ыдыстарды вакуумге

қоюға болмайды. Вакуумде жұмыс атқаруға арналған ыдыстар ең жоғарғы сиретуде сыналуы керек. Сынақ жүргізудің алдында ыдыстарға металдан жасалған торды кигізу керек.

43. Еріткіштерді (эфир, спирт, бензол, толуолды) айдап шығару жұмысын майлы вакуум-сорғышты қолданудан бұрын, алдын ала су ағынын беретін сорғы арқылы жүргізу керек. Вакуум-сорғыны қосардың алдында құтыдағы заттар суытылуы керек. Аспаптың ішіндегіні тұрақты түрде сиреткеннен кейін, айдау құтысын вакуум-қондырғыда қыздыруға болады.

44. Газды жанарғының ашық алауымен айдау кезде, құтының бетін біркелкі қыздыру керек.

45. Вакуумды қондырғымен жүргізілетін айдау жұмысын аяқтағаннан соң және құты суытылғаннан кейін манометрдің кранын жауып, жүйені сорғышты ажыратып болғаннан кейін ғана моторды өшіру керек.

4. Улы және қатты әсер ететін заттармен атқарылатын жұмыстың қауіпсіздік ережелеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

46. Улы және қатты әсер ететін мынандай заттармен жұмыс атқарған жағдайда сақтандыру шараларын жүргізу керек: (органикалық және минералды қышқылдар, оттегі, азот, құрамында галоиді бар қосындылар, күшән қосындылары, фосфор және басқа да улы металдар мен бейметалдар).

47. Улы және қатты әсер ететін ыдыстағы заттар арнайы бекітілген орындарда сақталуы керек.

48. Улы және қатты әсер ететін ыдыстарды сифонмен немесе арнайы алмұрт тәрізді резеңкелі қапшықты тамшуырмен толтыру керек.

49. Улы және қатты әсер ететін заттарды жабық үккіштерде ұнтақтап, сорып-шығаратын жерде ыдыста өлшеу керек. Мұндай жұмыстарды шаң тұтқыш киіп, жүргізу керек.

50. Улы және қатты әсер ететін заттарды қыздыру жұмыстарын қыздырғышы жабылған электрлі плиталардың үстінде майлы, құмды, сулы, моншаларда түбі дөңгелек құтылар арқылы жүргізіледі. Ашық жалынды қолдана отырып, мұндай жұмыстар жүргізуге болмайды.

51. Оңай тұтанатын, жанғыш және жарылу қаупі бар заттар болып табылатын улы және күшті әсер ететін заттармен жұмыс істегенде өртену және жарылу қаупі бар заттарды пайдаланғанда сақтау ережелерін орындау керек.

52. Ішінде улы газдар болған құралдарды жұмыс аяқталғаннан кейін инертті газбен үрлеу немесе оларды сумен толтыру арқылы зиянсыздандырылуы керек.

53. Еденге немесе үстелдің үстіне төгілген улы және қатты әсер ететін сұйықтарды тез арада улы және күшті әсер ететін заттарды жою жөніндегі арнайы нұсқауға сай зиянсыздандыру керек.

54. Улы және күшті әсер ететін заттармен жұмыс істегенде пайдаланылған сүзгілер және қағаздар бөлек ыдысқа жиналып, тез арада жойылуы керек.

55. Сынақ жүргізіліп болғаннан кейінгі босаған ыдыстар мен құралдарды сынама жүргізушілердің өздері зиянсыздандырады, содан кейін ғана жалпы жуғышқа жібереді. Бұл талаптар сондай-ақ шыны үрлеу шеберханасына жөнделуге жіберілетін ыдыстар мен құралдарға да таралады.

5. Өртену және жарылу қаупі бар заттармен жұмыс істегенде сақталатын қауіпсіздік ережелеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

56. Өртену және жарылу қаупі бар заттармен байланысты жұмыстарды тек осындай заттармен жұмыс істеу үшін арнайы нұсқауды білетін қызметкерлер, жұмыс жетекшісінің қатысуымен жүргізілуі керек.

57. Зертханалық үй-жайда оңай тұтанатын жанғыш сұйықтарды (қайнау температурасы төмендерден басқалар) қабырғасы қалың ыдыстарда немесе тығындары ысылған банкелерде сақтау керек. Оңай тұтанатын және жанатын сұйықтарға арналған шыны ыдыстың сыйымдылығы 2 литр (бұдан әрі - л) аспауы керек, сыйымдылығы үлкен болған жағдайда аузы тығыз жабылатын темір қынаппен жабдықталуы керек.

58. Улы және қатты әсер ететін заттармен ластанған арнайы киімді, орамалды және т.б. дезактивациядан өткізгеннен кейін жууға өткізу керек.

59. Мұндай заттармен жұмыс істеп болғаннан кейін санитарлық шараларды, құралдар мен аппараттарды су, электрэнергиясы, тұрмыстық және сығылған газ

көздерінен ажырату және құралдар мен аппараттарға зауыттың нұсқауларымен алдын ала қарастырылған жағдайларды атқарып, жұмыс орнын тазалау жұмыстары жүргізілуі керек.

60. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолды сабынмен мұқият жуып, ауызды сумен ш а ю к е р е к .

61. Жұмыс аяқталғаннан кейін қорғаныс көзілдіріктерін зиянсыздандырады (осы зертханада қолданылып жүрген арнайы нұсқауға сай зиянсыздандырылады).

62. Улы және қатты әсер ететін заттармен байланысты жұмыстар жүргізілетін зертхананың жұмысшы үй-жайларындағы ауа ортасында кезеңді түрде мұқият талдау және желдеткіш құрылғылардың тиімділігіне тексеру жүргізіп тұру керек.

63. Жұмыста қолданылған сынамаларды, зиянсыздандырылған өнімдерді және шайған суларды арнайы ыдысқа төгу керек. Бұл заттарды канализацияға т ө г у г е б о л м а й д ы .

64. Уланудың алғашқы белгілері білінгенде бұл жердегі қызметкерлердің барлығын жұмысшы үй-жайдан тез арада шығарып, шалқасынан жатқызып, қысып тұратын киімдерден босатып, денесі тоңбау үшін жапқыштармен жабу керек. Егер демі тоқтап есінен танып қалса жасанды түрде дем алдыру керек.

65. Фосформен уланған жағдайда асқазанды көп мөлшердегі сумен шаю керек. Сүт және май беруге қатаң түрде тиым салынады, өйткені олар фосфорды ерітіп жіберіп, оның организмге түсуін тездетеді.

66. Жарылыс және тұтандыруды болдырмау үшін жұмысқа тек химиялық та за ы ды с тар п а й д а л а н ы л а д ы .

67. Ішінде оңай тұтанатын жанғыш заттар бар банкілер аузы тығыз жабылатын, қабырғасы мен түбі асбестпен қапталған арнайы темір жәшіктерге салынады. Жәшіктің түбіне қалыңдығы 10 миллиметр (бұдан әрі - мм) құм төселеді, ішіндегі бу шығу үшін қақпағында диаметрі 5-10 мм бірнеше тесік болуы керек (жәшікте будың жарылғыш қанықпалары түзілмес үшін). Жәшік қақпағының ішкі жағына атаулары анық жазылуы керек.

68. Жәшіктер жүретін жерлерден және қыздыру құралдарынан алыс орналастырып, еденге қойылатын: оған баратын жол ашық болуы керек.

69. Зертханалық үй-жайларда қайнау температурасы төмен заттарды сақтауға болмайды. Жұмыс аяқталғаннан кейін бұл заттарды сақтау үшін арнайы үй-жайға (қоймаға) шығару керек.

70. Диэтилды (күкіртті) эфирді басқа заттардан бөлек салқын және қараңғы үй-жайда сақтау керек, өйткені күкірт эфирін жарық жерде сақтағанда жарылғыш зат этил асқын тотығы түзіледі. Егер эфир дайындалғаннан кейін бір жыл өтіп кеткен болса, оның құрамындағы периодоксидті тексеру керек. Құрамында периодоксидтері бар ерітінділерді жояды немесе қайта айдаудан өткізеді. Оңай тұтанатын және жанатын сұйықтарды қоймадан зертханаға сынбайтын ыдыстар немесе футлярға салынған шыны ыдыспен жеткізеді.

71. Әрбір зертхана үй-жайларында бір уақытта сақталатын оңай тұтанатын және жанатын сұйықтардың жалпы қоры тәуліктік қажеттіліктен аспауы керек.

72. Өртену және жарылу қаупі бар заттармен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар өрт сөндіретін құралдармен (көмірқышқылды өрт сөндіргіштермен) ж а б д ы қ т а л у ы к е р е к .

73. Оңай тұтанатын және жанатын сұйықтармен байланысты барлық жұмыстар сорғыш шкафта, желдеткішті қосып және міндетті түрде электр құралдары мен газ жанарғыларын сөндіріп барып жүргізілуі керек.

74. Қайнау температурасы төмен өртке қауіпті заттарды (ацетон, бензин, эфирлар, спирттер) қатты балқытылған шынылардан жасалған түбі дөңгелек құтыларды осы заттың қайнау температурасына ескере отырып, тиісті жылу ұстағышпен (сумен, маймен) толтырылған қайта айдауға және қыздыру керек. Бұл қыздыру ыдыстары қайта айдауға арналған құралдан кем дегенде 0,5-0,8 м қ а ш ы қ т ы қ т а о р н а л а с у ы к е р е к .

75. Ішінде қайнау температурасы төмен бар ыдыстарды ашық отта, сондай-ақ барлық электр тоғымен қыздырылатын құралдарда қыздыруға қатаң тиым с а л ы н а д ы .

76. Қайнау температурасы аса жоғары сұйықтарды жабдық түрдегі электр тоғымен қыздырылатын құралдар-құтықыздырғыштарда қыздырады.

77. Оңай тұтанатын сұйықтарды қыздыруға қолданылатын барлық аппаратура толық іске қосылып тұруы керек, жалын шығармау үшін оларды тығыз дәнекерлеуі керек.

78. Жарылысты болдырмау үшін диэтил эфирін құрағанға дейін булауға болмайды.

79. Оңай тұтанатын сұйықтарды 0,5 л көлемінде қыздырғанда құралдың астына, апатты жағдайда сұйық үстелдің үстіне төгіп алмау үшін, сыйымдылығы жеткілікті астауша қою керек.

80. Жанғыш сұйықтармен жұмыстар жүргізілген ыдыстарды зерттеу (сынау) жүргізіп болғаннан кейін мұқият жуылуы керек.

81. Жанғыш заттарды канализацияға төгуге болмайды. Қолданылған жанғыш сұйықтарды (жұмыс күнінің соңында) жою үшін зертханадан шығарып, аузы тығыз жабылатын арнайы ыдыста жинау керек. Оларды қайта өңдеу жұмыстары қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сай жүргізіледі.

82. Өртке қауіпті сұйықтарды кездейсоқ жағдайда төгіп алғанда жанарғылар мен қыздыратын құралдарды тез арада сөндіріп, төгілген жерге құм себу керек. Ластанған құмды ағаш немесе пластмассадан жасалған күрекшемен (басқа күрекшелерді қолдануға болмайды) жинау керек.

83. Оңай тұтанатын және жанатын сұйықтарды сөндіру үшін суды қолдануға болмайды.

84. Оңай тұтанатын және жанатын сұйықтар жанғанда суырып шығару шкафын (суырынды арқылы) тез арада желдеткіштен ажыратып, от көзін сөндіру керек.

85. Егер адамның үстіндегі киімі жанатын болса, оны тез арада шешіп, адамды отқа төзімді жабумен (көрпе, сырт киім) орау керек. Өрт сөндіргішті пайдалануға болады (бұл жағдайда зардап шегуші көзін жұмып тұруы керек).

86. Күйген жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетіледі.

87. Тері қабатына күйдіретін органикалық заттар түскен жағдайда терінің зақымдалған учаскесін тез арада спиртпен жуу керек.

88. Күйдіргіш заттармен (қышқылдар, сілтілер) байланысты кез-келген жұмыстарды атқарғанда күйіп қалмас үшін зертханада жұмыс істеушілердің барлығы қорғаныс көзілдіріктерін (былғары немесе резеңке қалыптығы) және резеңке қолқаптарды, ал кейбір жағдайларда резеңке алжапқыш киюі керек. Қышқылдар мен сілтілермен байланысты жұмыстарды қорғаныс көзілдірігіңіз о р ы н д а у ғ а б о л м а й д ы .

Қаныққан қышқылдармен және ұшқыш сілтілермен байланысты атқарылатын жұмыстарды тартымның астында (сорғыш шкафтарда) орындау керек.

89. Қышқылдар бар шөлмектерді жөнделген себетте немесе тор жәшіктерде сақтап, екі адам көтеруі немесе герметизацияланған ыдыста арнайы арбамен тасу к е р е к .

90. Шөлмекке құйылған қышқылдар мен сілтілерді кіші ыдыстарға сифон немесе әр түрлі қол сорғылары арқылы құю керек.

91. Қышқылдардың ерітінділерін дайындау үшін суға қышқылды жіңішке ағынмен үздіксіз араластырып ақырын құю керек. Қышқылға суды құюға болмайды. Күкірт қышқылын вакуум-эксикаторларда су сіңіретін зат ретінде қолдануға болмайды. Балқытқыш қышқылмен жұмыс істегенде өте абай болу к е р е к .

92. Күйдіретін немесе уландыратын сұйықтарды тамшуырға ауызбен сору а р қ ы л ы а л у ғ а б о л м а й д ы .

93. Сілтілердің ерітіндісін дайындағанда суға кішкентай кесектермен үзіліссіз араластыра отырып ақырындап салу керек, сілтінің ірі кесектерін тығыз матамен жауып, арнайы бөлінген орындарда ұсату керек.

94. Төгілген қышқылдар мен сілтілерге тез арада құм сеуіп, пайдаланылған құмды пластмассада жасалған күрекшемен қалдықтарға арналған ыдыстарға салады. Бұдан соң қышқыл мен сілті түскен орын сумен мұқият жуылады.

95. Сынапты төгіп алған жағдайда (осы санитарлық ережелердің 4 қосымшасына сай) демеркуризация шараларын жүргізу керек.

96. Қышқылдармен күйген жағдайда зақымдалған жерді судың көп мөлшерімен жуып, одан соң натрий гидрокарбонатының ерітіндісімен шаяды да, күйдіргенде қолданатын майды жағады.

97. Сілтілермен күйген жағдайда зақымдалған жерді судың көп мөлшерімен жуып, одан соң 1% сірке қышқылының ерітіндісімен шайып, күйдіргенде қолданатын майды жағады.

6. Пестицидтер токсикологиясындағы жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

98. Құрғақ өсімдіктерді, оның ішінде дәрілік өсімдіктер шикізатын елеп, үгіткен жағдайда дем алу және көру органдарына арналған арнайы жеке басты қорғау құралдарын пайдалану керек.

99. Еріткіштерді айдау жұмыстары арнайы құралдарда (соңынан суытатын тоңазытқышта) жүргізілуі керек.

100. Асқын тотықты түзе алатын (диэтилді эфир, циклогексанон) органикалық заттармен жұмыс істеген кезде көзді қорғайтын заттарда пайдалану к е р е к .

101. Асқын тотықтарды темір сульфатының сулы ерітіндісін сілку арқылы а л ы п т а с т а й д ы .

102. Көгерткіш қышқылы және оның тұздарымен, диметилсульфатпен, алмаспен, фосгенмен, хлормен, бромен, азот тотығымен, диазометанмен, күкіртсутекпен байланысты жұмысты торғыш шкафта резеңкелі қолғапты және керек болған жағдайда респираторды (газ тұтқышты) қолдана отырып атқару к е р е к .

103. Натрий амидімен, металды калиймен және натримен баланысты жұмысты істеген жағдайда сумен жанасу болмауға тиіс.

104. Еріткішке салынбаған майлы қатардың галоидты қосындыларын және диметилсульфо тотығын металл натримен, калиймен қосуға болмайды. Керек

болған жағдайда металды натрий және калий реакциясын жүргізгенде ауа немесе майлы моншаны қолдану керек.

105. Эфирді, эфир ерітінділер және басқа да тез тұтанғыш заттарды су ағызатын раковиналарға, құятын воронкаларға төгуге болмайды, бұл заттарды сорғыш шкафта орналасқан арнайы шыны сауытқа құйып қою керек.

106. Эфир және эфир ерітінділерін жылы жерде, жылу беретін құралдардың, қосулы термостаттың және басқа да жылу көздерінің жанында және қабырғасы жұқа ыдыста сақтауға болмайды.

7. Токсикологиялық зертханадағы жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

107. Уландыратын камераға арналған үй-жай қалған үй-жайлардан алыс орналасып, сорып шығаратын желдету жүйесімен, ал камералар арнайы желдеткішпен жабдыкталуы керек.

108. Камераларда жануарларға уландыру жұмысын жүргізгенде уландыратын затты, жануарларды камераға кіргізгеннен кейін және камераны мұқият түрде гермитизациялағаннан кейін беру керек.

109. Уландыру үдерісі камерада теріс қысымда (су бағанасы бойынша 5-6 мм болғанда) жүргізілуі керек. Уландыру жұмысы аяқталған соң зерттелінетін улы заттар жануарларды камерадан шығаруға 10-15 минөт қалғанға дейін беріліп, одан соң таза ауамен толтырылып, камераның қақпағын ашып, ондағы жануарларды шығару керек.

110. Жануарлар орналасқан үй-жайлар жануарлар тұратын торларға арналған шкафтармен жабдыкталып, желдету жүйесімен қосылуы керек.

111. Виварийге түсетін барлық жануарлар түскен сәттен бастап, міндетті түрде мал дәрігерлік тексерістен өтуі керек. Сау жануарлар мен ауру жұқтырылған жануарларды бірге сақтауға болмайды.

112. Жануарлардың әрбір өлген жағдайын немесе мәжбүрлі түрде сойғанда олар арнайы жорналда тіркелінуі керек. Ауру жұқтырылған жануарлардың өлексесін әкімшілік тағайындаған жауапкер адамның бақылауымен өртеп тасталынады, ал ауру жұқтырмаған малдың өлексесін тиісті құжатты міндетті

түрде ресімдеу арқылы су өткізбейтін металл жәшіктерге салып қайта өңдеу
з а у ы т ы н а ж і б е р е д і .

113. Жануарларды виварийден зертханаға әкелу және қайтадан апару арнайы зарарсыздандырылған торларды қолдану арқылы жүргізілуі керек. Егеуқұйрықтар мен тышқандарды виварийде тұрған торларында тасу керек. Қызметкерлердің жарақаттануының (тырнаудан, тістеуден) алдын алу үшін зертханалық жануарлармен байланысты барлық жұмыстарды арнайы станоктарда және қолғаптарды киіп жүргізу керек.

114. Ауру жұқтырылған жануарларды күткен жағдайда әрбір торды тазалағаннан кейін резеңкелі қолғапты қолдан шешпей, зарарсыздандыру ерітіндісіне салып залалсыздандыру керек.

115. Виварий қызметкерлері арнайы киіммен (халаттар, алжапқыш, қалпақ, резеңке қолғап) қамтамасыз етілуі керек.

116. Улы заттармен жұмыс атқаратын токсикологиялық зертхананың үй-жайларында тамақ ішіп, шылым тартуға болмайды.

8. Радиоактивті заттармен жұмыс істегендегі жұмыс жағдайына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

117. Радиоактивті заттармен байланысты болатын жұмысты әрі қарай істеуге керекті болатын, денсаулық жағдайының кейбір ауытқулары анықталған жағдайда қызметкерлерді ионды сәуле соққысының әсері болмайтын жұмысқа уақытша немесе тұрақты түрде ауыстыру мәселесі, әрбір анықталған жағдайда ж е к е л е й ш е ш і л е д і .

118. Зертханада әр адамға дозиметрлік бақылау жүргізіліп, алынған дозаның мөлшері журналда тіркелінуі керек.

119. Радиоактивті заттармен жұмыс істейтін барлық адамдар жұмыс істеудің қауіпсіздік және жеке бастың тазалық ережелерін сақтауды үйренгеннен кейін жұмысқа жіберіледі. Қауіпсіздік және жеке бастың тазалық ережелерін сақтауды үйренгені туралы білімін тексеру және нұсқау алу жұмысқа алынарда, одан соң

жылына кем дегенде 1 рет жүргізіледі. Тексеріс қорытындысы журналда
т і р к е л і н у і к е р е к .

120. Ионды сәуле соққысын беретін жұмыстың сипаты өзгергенде, жұмыс қиындығы жоғарлағанда қауіпсіздік және жеке бастың тазалығы туралы ережелер бойынша кезектен тыс нұсқау беріліп, білімі тексеріледі.

121. Радиоактивті заттарды мекеменің басшысының бұйрығымен тағайындалған адамдар қабылдап, есеп беріп отырады.

122. Радиоактивті сұйық құйылған шыны ыдыстар сынып қалмау үшін металдан немесе пластмассада жасалған ыдыстарда сақталады.

123. Сақтау барысында радиоактивті газ, бу немесе аэрозольдар бөлетін радиоактивті заттар сору шкафтарында, бокстарында, жанбайтын жабық ыдысқа салынып камераларда сақталынады. Радиоактивті препараттарға қолмен тиісуге болмайды, онымен жұмыс атқарғанда әртүрлі жұмыс аспаптарын қолдану керек.

124. Радиоактивті заттармен жұмыс істеген кезде мынандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек:

1) радиоактивті препараттарға қол тигізуге рұқсат етпейді. Олармен жұмыс барысында манипуляторлар қолданылады;

2) радиоактивті заттарды құю, булау, себу жұмысы, сондай-ақ, жұмыс істеген кезде ауаға түсуімен байланысты болатын түрлі операцияларды тек сорғыш шкафтарда жүргізу керек; сонымен қоса желдеткіш жұмыс басталардан бұрын қосылып, жұмыс кеңістігіндегі ауаның жылдамдығы кем дегенде 1,0 м/сек болуы керек ;

3) радиоактивті заттармен жұмыс істеген кезде, ондай жұмыстар оңай залалсызданатын жерде өткізілуі керек;

4) күн сайын үй-жайда ылғалды тазалау жұмысы жүргізілуі керек;

5) жұмыс үй-жайларында жұмыс орындарының радиоактивті түрде ластануына өлшеу жүргізіліп, ластанғанда оларды толығымен тазалау үшін шаралар қарастырылуы керек ;

6) дәнекерленген шыны ампулалардағы радий тұзының сұйық ерітіндісі альфа және бета эталондары сейфте сақталады;

7) қатты және сұйық радиоактивті қалдықтар үй-жайдан қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, арнайы жинағыштарға апарып салынады және алынған қалдықтар тіркелетін журналға жазылады;

8) радиоактивті заттармен атқарылатын жұмыс аяқталғаннан кейін

қызметкерлер қолдарын сабынды жылы сумен мұқият жуып, одан соң қолдарының тазалығына дозиметриялық тексеріс жүргізулері керек.

125. Зертханада апат орын алғанда залалсыздандыруға қолданатын заттардың қоры болуы керек.

"Химиялық, токсикологиялық, радиологиялық тексерістерді орындайтын зертханалардың құрылымына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер

мен нормаларға қосымша

**Қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаудан
өткендігін тіркейтін журнал**

N	Аты-жөні	Зерт-хана-ның атауы	Маман-дығы, қыз-меті	Жұ-мысқа қабыл-данған күні	Нұсқау жүр-гізген адам-ның аты-жөні, қыз-меті	Басшы-лыққа алын-ған нұс-қаудың атауы мен нөмірі	қолы		
							Нұс-қау-лықты жүр-гіз-ген	Нұс-қау-лық ал-ған	Жұ-мысқа жіберу туралы басшы